

«Бекітемін»
Алматы қаласы ДСБ-нің
ШЖҚ КМК «№25 қалалық емхана»

Директор
Ә.Х.Тұрсун

2025 жылтық »

Таза табыстың бір бөлігін айқындау қағидалары

Алматы қаласы 2025

«№25 қалалық емхана» ШЖҚ КМК	Таза табыстың бір белгін шегерім нің сомасын айқындау және иелікте қалған таза табысты бөлу ережесі	Код: 04
		2-бет

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Қағидалар таза табыстың бір белгін есептен шығару және таза табысты бөлу тәртібін айқындауды, иелікте қалатын таза табысты бөлу (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандығы №234-ІІІ "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Заңына (01.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен) сәйкес әзірленді және бухгалтерлік есеп саясатының құрамдас белгі болып табылады.

Қағидалар таза табыстың бір белгін есептен шығару және КГП на ПХВ «№25 қалалық емханасы» (бұдан әрі – Кәсіпорын) иелігінде қалатын таза табысты бөлу тәртібін айқындауды.

1.2. Бухгалтерлік есеп – бұл операциялар мен оқиғалар туралы ақпаратты жинау, тіркеу және қорыту жүйесі, оны Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасына, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға, сондай-ақ шағын және орта бизнес үшін халықаралық стандарттарға және қызмет ерекшеліктеріне сәйкес бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сүйене отырып кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық есептілігін жасау үшін пайдаланады.

1.3. Есеп саясаты – бұл кәсіпкер немесе ұйым өз қызметінде қолданатын, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуге арналған негізгі ережелер мен тәсілдер жүйесі. Ол бухгалтерлік есеп туралы заңнамаға, халықаралық немесе ұлттық стандарттарға сәйкес әзірленеді.

2. Табыс пен шығыстарды есепке алу

2.1. Табыс деп ұйым болашақ экономикалық пайда немесе сервистік әлеует алуға сенімді болған және олар сенімді турде бағаланған кезде танылады.

2.2. Табыс келесі сияқты ерекше операциялардан қалыптасады:

- ағымдағы қызметтен түскен табыс;
- трансфертер мен субсидиялар алу;
- демеушілік және қайырымдылық көмек алу;

«№25 қалалық емхана» ШЖҚ КМК	Таза табыстың бір бөлігін шегерім нің сомасын айқындау және иелікте қалған таза табысты болу ережесі	Код: 04 3-бет
---	---	------------------------------------

- гранттар алу;
- салықтық және салықтық емес түсімдер, сондай-ақ кедендік және басқа да заңнамаларда көзделген түсімдер;
- өзге де ерекше операциялар.

2.3. Жоспарлы қаржыландыруды бөлу келесі шоттар бойынша дебетке жазылады: 1081 «Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар», 1091 «Жоспарлы тағайындаулар...» жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдау», 1083 «Басқа бюджеттер есебінен міндеттемелер қабылдау», 1086 «Респубикалық бюджетке тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) құны түрінде түсетін түсімдерге байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдау және олардың шығыстары», 1095 «Жергілікті бюджетке тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) құны түрінде түсетін түсімдерге байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдау және олардың шығыстары» және 6100 шоты «Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін табыстар».

2.4. Жоспарланған қаржыландыру капиталды салымдар бойынша 1082 шотының дебеті «Капиталды салымдарға міндеттемелер қабылдау» және 1092 шотының дебеті «Капиталды салымдарға өзге бюджеттер есебінен міндеттемелер қабылдау» арқылы көрініс табады және 6020 шотының кредитіне «Капиталды салымдарды қаржыландырудан түсетін табыстар» ретінде жазылады.

2.5. 6110 шоты «Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін табыстар» бойынша табыстар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес есепке алынады. Мемлекеттік кәсіпорын өз қызметінің нәтижесінде алынған кірістерді өзі жұмсайды және олар респубикалық және (немесе) жергілікті бюджетке аударатын бюджет қаражатының бір бөлігі болып табылмайды.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін табыстар қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен, сондай-ақ мемлекеттік

«№25 қалалық емхана» ШЖҚ КМК	Таза табыстың бір бөлігін шегерім нің сомасын айқындау және иелікте қалған таза табысты бөлу ережесі	Код: 04 4-бет
---	---	--

мекемелер мен олардың филиалдарының кассасына немесе банктерінің (бөлімшелерінің) кассаларына ақшаны енгізу арқылы келіп түсуі және ақылы қызметтер КСН шотына есепке алынуы мүмкін.

2.6. Шығыстар экономикалық пайданың немесе қызметтік әлеуеттің төмендеуіне байланысты активтің азауы немесе міндеттемелердің көбеюі кезінде танылатын, олар ықтимал және дәл өлшенуі мүмкін жағдайларда танылады.

Мемлекеттік кәсіпорын шығыстарды есептеу әдісі бойынша таниды.

2.7. Мемлекеттік кәсіпорын бюджет қаражатын тек мақсатты тұрде, бекітілген қаржыландыру жоспарларына сәйкес жұмсауға міндettі.

3. Таза табыстың бір бөлігін аудару мөлшерін айқындау тәртібі және иелікте қалған таза табысты бөлу

3.2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша таза табыстың бір бөлігін есептен шығару нормативі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3.3. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша таза табыстың бір бөлігін есептен шығару нормативін жергілікті атқарушы орган бекітеді.

3.4. Таза табысты бөлу нормативтерін келісу, бекіту және есептеу қағидаларының Қосымшасының 3-1-тармағына сәйкес, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асыратын РМК үшін таза табыстан ең аз дегенде 5% есептен шығарылады.

3.5. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар үшін бұл көрсеткіш жергілікті атқарушы орган басшысының қаулысымен бекітіледі.

3.6. Есептен шығарылатын сомалар мемлекеттік кәсіпорынның қызметін ағымдағы қаржыландыру көздерін ескермей жасалатын есептік кезендегі кірістер мен шығыстар туралы есеп негізінде есептеледі.

3.7. Иелікте қалған таза табыстың бір бөлігі Кәсіпорынның шаруашылық және қаржылық қажеттіліктеріне бөлінеді.

